

"Алматыэнерго" және Алматы облысы энергетика кәсіпорындарының Алматы энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігі кәсіпорындарын жекешелендіру жөніндегі тендерлік комиссияның шешімін бекіту туралы<*> ЕСКЕРТУ. Қаулының атау сөздер мен толықтырылды және мәтінінде сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.26. N 1447 қаулысымен. ~P961447

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 15 тамыз N 1016

"Алматыэнерго" және Алматы облысы энергетика кәсіпорындарының Алматы энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігі кәсіпорындарын жекешелендірудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 шілдедегі N 854 P960854_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <*>

1. "Алматыэнерго" және Алматы облысы энергетика кәсіпорындарының Алматы энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігі кәсіпорындарының мүліктік кешенін жекешелендіру туралы жабық тендердің нәтижелері қосымшаға сәйкес және 1996 жылғы 10 тамыздағы сатып алу-сату Келісіміне 1996 жылғы 4 қазандағы толықтыру шартын бекітсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.26.

N 1447 қаулысымен. P961447_

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен және "Алматыэнерго" Алматы энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігімен бірлесе отырып бірлестік кәсіпорындарының мүліктік кешенін тендердің жеңімпазы - "ТРАКТЕБЕЛЬ С.А." компаниясына қосымшаға сәйкес өткізуді жүзеге асырсын және мүліктік кешенді өткізуді Сатып алу-сату шартына және оған толықтырумен сәйкес белгіленген тәртіппен тіркесін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.26.

N 1447 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі "ТРАКТЕБЕЛЬ С.А." компаниясына компанияға берілген мүлікті қорғауды ұйымдастыруға қатысты мәселелерді шешуде шарт негізінде қажетті көмек көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі " ТРАКТЕБЕЛЬ С.А." компаниясына Алматы қаласында және Алматы облысының аумағында электр және жылу энергиясын өндіруге, бөлуге, беруге, тасымалдауға, жіберуге, сатуға, сондай-ақ "ТРАКТЕБЕЛЬ С.А." компаниясымен "Қазақстанэнерго"

ұлттық электр энергетика жүйесінің қарамағындағы электр желілері объектілерін
Сатып алу-сату шартына және оған толықтырумен сәйкес пайдалануға лицензия берсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.26.

№ 1447 қаулысымен.

5. Министрліктер, ведомстволар мен жергілікті атқарушы органдар
"ТРАКТЕБЕЛЬ С.А." компаниясының мүліктік кешенін иелік етуге,
қолдануға және пайдалануға қабылдау үшін режимді бұзбай қалыпты жұмыс
істеуіне қажетті жағдай жасасын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 15 тамыздағы
№ 1016 қаулысына
қосымша

"Алматыэнерго" Алматы энергетика және электрлендіру
өндірістік бірлестігі мүліктік кешен ретінде
жабық тендерде сатылған кәсіпорындардың
ТІЗБЕСІ

№ 1 Алматы жылу электр орталығы (ЖЭО-1)

№ 2 Алматы жылу электр орталығы (ЖЭО-2)

Алматы мемлекеттік аудандық электр станциясы

Алматы су электр станциясы каскады

Алматы электр желілері кәсіпорны (АЭЖК)

Алматы жылу желілері кәсіпорны (АЖЖК)

Алматы электр желілерін тарату кәсіпорны (АЭЖТК)

Ақпараттық-есептеу орталығы

Есіл электр желілері кәсіпорны

<*>

"Алматыэнергожөндеу" өндірістік-жөндеу кәсіпорны

<*>

Алматы жылы-жай комбинаты *

<*>

Қапшағай гидроэлектростанциясы

<*>

Әлеуметтік сала объектілері

<*>

* Сатып алушының Меншік иесімен келісімі бойынша.

ЕСКЕРТУ. Қосымша толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.11.26. N 1447
қаулысымен.

P961447_